

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т. II, Ч.1.- Б. 29-32.

ӘОЖ: 632.3/9:633.11(574)

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, БҮЛАНДЫ АУДАНЫ ЖАҒДАЙЫНДА БИДАЙ ЕГІСТІГІНДЕ СЕПТОРИОЗ АУРУЫНЫҢ ТАРАЛУЫ

*Майқан А.Қ. 4 курс студенті
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті, Астана қ.*

Астық өндірісін ұлғайту – еліміздің ауыл шаруашылығындағы негізгі мәселе. Республикада жаздық бидай көптеген аурулармен ауырады, олардың ішінде септориоз ауруының таралу және зияндылығы бойынша бірінші орын алатындардың бірі болып табылады.

Ол барлық дерлік дәнді дақылдарда кездеседі, бірақ ол бидайға көбірек зиян келтіреді. Қоздырғыштың негізінен 2 түрі таралған: *Septoria nodorum* Berk. және *Septoria tritici* Rob et Desm. Бидай дақылының осы аурумен зақымдануынан болатын эпидемия 10 жыл сайын 4-5 жылда бір рет болады, аурудың қалыпты дамуы кезінде жыл сайынғы өнім жоғалуы 10-15%, эпифитоз кезеңінде құрайды - 40% дейін [1].

Республикамызда астық өндіру жоспарын сөзсіз орындауға, ауа райының құбылмалылығына тәуелді болмас үшін оның төзімділігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған нақты шаралар қабылдануда. Бидай – әлемдегі ең кеңінен таралған дақыл, 148 елдің негізгі азық – түлігі болып табылады. Жер шары халқының жартысынан астамы бидай нанымен қоректенеді. Бүкіл дақылдардың өнімінің 60 %-ы бидайдан алынады. Жаздық бидай – маңыздылығы жағынан дәнді дақылдар арасында бірінші орын алады және барлық аймақтарда егіледі. Ол өте құнды тағамдық дақыл. Дәнінде 18 – 24 % дейін ақуыз болады [2].

Астық өндірісі – облыс ауыл шаруашылығының келешегі зор салаларының бірі. Өсімдіктерді зиянкестерден, аурулардан және арамшөптерден қорғау - жақсы өнім алудың кепілі. Ақмола облысының егіс алқаптарының құрылымында 2021 жылы дәнді және бұршақты дақылдар 5957,4 мың гектарды алып жатыр. Жыл сайын зиянкестер мен аурулардан тек дәнді дақылдар бойынша өнім шығыны зиянкестерден – 13%, аурулардан – 12% және арамшөптерден – 11%.

Солтүстік Қазақстанда жаздық бидайда септориоздың күшті дамуы маусым-тамыз айларында жауын-шашынның жоғарылауы, ауа ылғалдылығы жоғары (70% және одан да көп) және гидротермиялық коэффициенті 1-1,5 және одан жоғары болған жылдары байқалады [3].

Қазақстанның Солтүстік өңірінде ЖШС «Журавлевка - 1» дәнді-майлы және құнарлы ауыспалы егістердегі әртүрлі технологиялар мен алғы дақылдардың жаздық бидайдың септория ауруының таралуы мен дамуына әсерін байқады. Жаздық бидайдың негізгі алдыңғы дақылдары: жасымық, бұршақ, зығыр. Зақымдану дәрежесін анықтау визуалды түрде Джеймс шкаласы бойынша пайызбен анықтады.

«Журавлевка-1» ЖШС 2004 жылы «Капитоновский» кеңшарының жері негізінде «Алан-Агро» серіктестігінің кеңшарының аумағын басқарғаннан кейін құрылған. «Журавлевка-1» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Құдайбергенов Ғ. Қ. болып табылатын «Логос-Граин» ЖШС құрамына кіреді. «Журавлевка-1» ЖШС директоры – Қ.С.Сұлтанов кәсіпорынды 2015 жылдан бері басқарып келеді.

Экономиканың бағыты – астық. Шаруашылық Ақмола облысының солтүстігінде орналасқан және облыс орталығы Макинск және облыс орталығы Көкшетау қалаларымен асфальтталған жолдар арқылы байланысады. Облыс орталығынан қашықтығы – 75 км. Климаты күрт континенттік, қысы ұзақ суық және жазы ыстық, ауа температурасының қыстан жазға және күндізгі түнге айтарлықтай ауытқуы, жауын-шашынның жеткіліксіз түсуі. Желдер жиі шаңды дауылдарды тудырады және топырақты құрғатады. Топырақ жамылғысының негізін қара топырақ, ауыр сазды топырақтар құрайды. Шаруа қожалығы құрылған уақыт ішінде жаздық қатты бидай, арпа мен сұлы, жасымық, зығыр, бұршақ дақылдарын өндірумен айналысады. Шаруашылықта астық өндіру негізгі жұмыс түрі болып табылады.

Септориозды дақ (бидай) – Септориоз, Қоздырғыш - *Septoria triticina*.

Маусым айының үшінші онкүндігінде жауған мол жауындар мен өсімдік қалдықтарында қалған жұқпалы аурулар дәнді дақылдардың түптену кезінде аурудың пайда болуына әсер етті. Ауру алғаш 18 маусымда «Журавлевка -1» ЖШС-де бидайда егістерінде байқалды. Түтікке шығу кезеңінде ауру өсімдіктің төменгі жапырақтарында дамыды. Жаздық бидайдағы септориоздың дамып таралуындағы мониторинг 29маусымнан 29 шілдеге дейін 102,02 мың га алқап аумағына жүргізіліп, соның ішінде 74,223 мың га зақымданды. Өңдеуге жататын алқап 48,102 мың га құрады.

Өсімдік дәні толыса бастаған кезеңде аурудың таралуы 0,6-95,0 пайызды, дамуы 1,0-38,0 пайызды құрады. Шілде айындағы жауындардан соң ауру дамып. 29 шілдеден бастап өсімдіктің төменгі және ортаңғы жапырақтарының ауруға шалдыққаны байқалды. Кейбір алқаптарда дән сабағының астыңғы жапырақтарының 50-75 пайызына дейіні зақымданып, осының салдарынан өсімдік жапырақтары мезгілінен бұрын солып қалды. Өсімдіктің сүттену-балауызданып, пісу кезеңінде дәндік сабағының, жапырақтары түгел солып қалды.

Үстіміздегі жылы осы жұқпалы аурудың мол қоры қыстағалы отыр, сондықтан 2023 жылы аурудың дамуына ауа-райы қолайлы болған жағдайда ауру жаппай таралады деп күтілуде.

Аса қауіпті зиянды аурулар (септориоз) бойынша жүйелі бақылау, 26.06.2021 жыл.мың га

№ р/с	Шаруашылық атаулары	зерттелгені		залалданғаны			
		жоспа р	нақты	барлы ғы	септориоз ауруымен залалданғаны		
					барлы ғы	таралу ы, %	дамуы, %
1	ЖШС «Даниловское и К»		2,990	1,556	1,556	5,0-6,5	1,0-2,4
2	ЖШС «Партизанское 1»		7,350	1,722	1,722	2,0-7,6	0,6-1,5
3	ЖШС «Журавлевка 1»		6,860	2,282	2,282	7,3-8,0	1,1-1,5
	Барлығы:	51,5	17,200	5,560	5,560	2,0-8,0	0,6-2,4

«Журавлевка-1» ЖШС жаздық бидай дақылдарында 22 маусымда дара дақтар байқалды. Аурудың дамуы 0,6-2,4% дейін жетеді, таралу 2,0-8,0% дейін. Төмен температураға байланысты аурудың дамуы әлсіз. Кеш егілгенде негізінен төменгі қабат, ерте дақылдарда төменгі және ортаңғы қабаттар, сондай-ақ жалауша жапырақта ақшыл дақтардың пайда болуы әсер етеді. 17,200 мың га алқапта бидай ауруларына жүйелі бақылау жүргізілді, 5,560 мың га аумақта ауру анықталды [4].

Аса қауіпті зиянды аурулар бойынша жүйелі бақылау туралы қортынды мәлімет, 26.08.2021 жыл. мың га

№ р /с	Шаруашылық атаулары	зерттелгені		залалданғаны			
		жоспа р	нақты	барлы ғы	септориоз ауруымен залалданғаны		
					барлығы	таралу	дамуы,

						ы,%	%
1	ЖШС «Партизанское 1»	6,063	6,063	0,458	0,458	5,0- 95,0	1,0- 70,0
2	ЖШС «Даниловское и К»	21,699	21,699	2,684	2,684	2,0- 35,0	0,6- 25,5
3	ЖШС «Журавлевка 1»	23,738	23,738	2,092	2,092	7,3-100	1,1- 70,0
	барлығы:	51,5	51,5	5,234	5,234	6,0-100	1,2- 70,0

26 тамызда 102 020 мың гектар аумақта мониторингтік зерттеу аяқталды. Егістік көлемі 50,203 мың га, оның бастапқы дәрежесі 30,608 мың га, әлсізі 50,203 мың га. Жүйелі бақылау жұмыстары жүргізілуде. Даму 1,2 - 50%, таралуы - 6-95%[4].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сагитов А.О., Аубакирова А.Т. Мониторинг бурой ржавчины яровой пшеницы в Акмолинской области [Текст] / Вестник науки Казахского агротехнического университета им.С.Сейфуллина. - 2009. - № 2. - С. 304-308.
- 2 Fernandez, M.R., Wang, H., Cutforth, H., and Lemke R. Climatic and agronomic effects on leaf spots of spring wheat in the western Canadian Prairies [Text] / Canadian Journal of Plant Science. -2016.- Vol. 96 (5). - P. 895-907.
- 3 Койшибаев М. Особенности развития видов ржавчины и септориоза на пшенице [Текст] / Вестник сельскохозяйственных науки Казахстана. -2000. - №11. – С.14-15.
- 4 Ақмола облысы, Бұланды ауданы «Журавлевка-1» ЖШС жылдық есебі.

Жұмыс жетекшісі, а.ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ш.Ш.Бекенова.